


№93 «Балапан» санаториялық балабақшасы



Ашық тәрбие сағаты

Тақырыбы: Нан – дастархан байлығы

Пән мұғалімі: Ахметова Мейрамкуль

Қызылорда қаласы




Мақсаты:

Білімділігі: нанды қадірлеуге, асты ысырап етпеуге баулу, ас атасы нан екендігін, нанның адам өміріндегі ең маңызды ас екендігін, оның оңайлықпен келмейтіндігін айтып ұғындыру.

Дамытушылығы: өмірден алған білімдерін, түсініктерін жетілдіру.

Тәрбиелігі: ысырап етпеуге, шашпауға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта, слайдтар, нақыл сөздер, тақпақтар.



Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі:



Оқушыларды сабаққа даярлау.

Кіріспе сөз:

Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы:

“Нан – дастархан байлығы” деп аталады.

Не себепті олай дейміз. Оқушы өз ойын айтады. Бұл нақыл сөзден наннан үлкен ас жоқ екенін білуге болады. Нан, үш-ақ әріптен тұратын сөз адам баласы үшін ең қадірлі де қасиетті ұғым, онда өзегі деп аталады. Үлкен мағына жатыр.



“Нан – береке бастауы”

“Нан – күш қуат көзі”

*“Дастархан көркі
нанмен, тойдың сәні
әнменен”*



Ыбырай Жахаев нан жайлы ойын былай білдіреді: “Егер менен әлемдегі ең асыл не? дей қалса, бөгелместен “НАН” деп жауап берер едім. Себебі нан әлемнің жарығы күннен нұр алады, адамға күннің нұрын құяды. Оның өмірін күндей жарқыратады.”



1 – оқушы: “Дастархан басындағы әрбір түйір нан қаншама адамның еңбегі, маңдай тері, аяулы алақаны арқылы ғана алдымызға келетінін еш уақытта ұмытпауымыз керек”

2 – оқушы:

Асыл тастан, алтыннан
Қымбат әрбір алдын тән.
Молшылық боп дәніміз.
Молайды ақ нанымыз.
Қуат берер әр шақта.
Аппақ нанды ардақта.





Мұғалім: Аңыз оқиды. Ертеде ел ішіне тараған бір аңызда Бетбақдалада дәу қара тастұрған маңда бір түп ақ бидай тастақты жерге өніпті, бірақ жерден алары нәрі болмаған ол бірте-бірте жүдеп – жадап сола бастапты. Мұны байқаған жеті қанаты бар жігіт жел барлық қанаттарымен бір тұт бидайға көмек көрсетіпті. Бірте-бірте бидайдың бойына нәр кіріп, өне бастайды. Сонда оған тіл бітіп: “Мен жарық дүниеде тұңғыш келген бидай едім. Түскен жерім тас екен, сендер ғана маған мәңгілік өмір сыйладыңдар. Бұл жақсылықтарыңды қалай қайтарсам екен?” деп сұрайды. Сол кезде күнге тіл бітіп: “Сен мың тіршілікте барлық тірілердің тамағы ас анасы бол!” депті. Су оны асырауға, жер оны сақтауға, күн оны өзінің шуағымен аялауға, ал жел оны көбейтуге уәделерін беріпті. Міне солардың қамқорлығының арқасында сол бір түп бидайдан өсіп-өнген қаншама ықылым замандардан бері адам атаулыға адал қызмет етіп келеді.



**Ал, балалар, қандай мақал-мәтелдер мен
нақыл сөздер білесіңдер?**



6-оқушы:

Нан – тамақтың атасы,

Ынтымақ – көптің батасы.

7 – оқушы

Тістем нанның қадірін

Тарыққанда білерсің

Анық достың қадірін

Зарыққанда білерсің.





8 – оқушы:

**Қоныс көркі – там,
Дастархан көркі – нан.**

9 – оқушы:

**Дастарханда наны жоқтың
Тамағының сәні жоқ.**





Мұғалім:

*Бидай – астық тұқымдас дақыл.
Дақылдарға тағы нелерді жатқызуға
болады? Сұлы, арпа, тары, күріш.
Ендігі кезекті сол дақылдарға берейік.*






Бидай



Мен ас арқауы – бидаймын: Мені жер бетіндегі көп халық ерте кезден біледі. Менен түрлі тағамдар жасайды. Адамға күш-қуат беретін дастарханның берекесімін.



Арпа:



**Менен де түрлі тағамдарға пайдаланады.
Мені майдаласа тісі шықпаған сәбилер
сүйіп жейтін тағамға айналамын. Әсіресе
қыста малға таптырмайтын қорекпін.**

Тары:



**Арпа танысым айтқандай мен де
пайдалымын. Сол үшін де бағалымын.**



Сұлы:



**Мен әсіресе малға өте пайдалымын.
Өте ерте заманнан келе жатқан дақылмын.**

Күріш:



**Мен ел ырысы-ақ күрішпін.
Көптеген халық сүйіп жейтін тағаммын.**



3 - оқушы

**Мол болса нанымыз
Жалынды жанымыз
Тоқ болсақ, тойда көп.
Ақ нан жыр-әніміз.**



4 - оқушы

**Күндей нұры тараған,
Айдай аппақ таба нан.
Тоқаш, бөлке, күлшелер –
Тоқшылық қой, білсеңдер!**



5 - оқушы

Әр нәрсенің тиісті
Бар өзіне иісі.

Аңқып тұрар тым тәтті
Нан иісі қымбатты!



Мұғалім: Нан туралы тақпақ, аңыз, мақал-мәтелдер тыңдадыңдар, ал енді кім ертегі біледі? “Бауырсақ” ертегісін кім айтады?



Нанның өзіне сөз берейік:

**“Ей, балалар, балалар
Бар қасиет нанда бар
Нан қиқымын шашпандар
Жерде жатса баспандар
Жерден алып, көтеріп
Құстарға оны тастандар.**



9 – оқушы:

**Алтын – күміс-тас екен,
Ақ нан – қымбат ас екен.**

Хормен:

**Аппақ алтын нанымыз,
Ардақтаймыз бәріміз.**

